

Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар!

ПРЕЗИДЕНТ және **ХАЛЫҚ**

Газет 2005 жылғы
27-тамыздан шыға бастады



Республикалық қоғамдық-саяси газет

Республиканская общественно-политическая газета

Батыр капитан

Жұмаділ Әубәкіровтің есімі өзі оқыған мектепке берілсе еken.

Екінші дүниежүзілік жаһан соғысы жылдарында неміс басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыста Кенес әскері сапында болған қазақстандық жауынгерлер женісті жақыннату жолында ерен ерліктер жасады, ауыр жарапанды, қаза тапты, түрлі жарақаттармен елге оралды. Солардың қатарында 100-атқыштар бригадасының құрамында болған Жұмаділ Әубәкіровты ерекше атауға болады.

Болашақ жалын мінезді жауынгер 1911 жылы бұрынғы Талдықорған облысының Қапал ауданында кедей отбасында дүниеге келген еken. Ол кездер жасты бірден есейтіп, есейгенді ерте қартайтатын заманың қын шақтары еді. Жұмаділ де бейнетті күндерді бала күнінен басынан өткерді. Өзімен бірге туған ағаларымен қатарласып, байларға жалшы болып, мал бақты. Мектеп бітіргесін темір жолда енбек етті.

Кейін 1933 жылы әскер қатарына алынып, Түркменстанның Ашхабад қаласында бір жылдық полк мектебін, сосын лейтенанттар курсын оқып, бітіреді. Взвод командирі болады. Таңкент қаласында саяси жетекшілер курсын тәмамдап, 1938 жылға дейін Ашхабадтағы 83-артиллерия полкында батарея политругі қызметін атқарады. Одан кейін әскери қызметтен босап, Алматы қаласындағы өрт күзеті басқармасының саяси жетекшісі қызметіне тағайындалған.

Ұлы Отан соғысының басында, дәл фашист армиясы Мәскеуге қатер тәндіріп тұрған тұста, И. В. Сталиннің тәрағалығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті 1941 жылы 13-карашада ұлттық құрамалар мен бөлімдер құру жөнінде қаулы қабылдады. Олар КСРО одақтас және автономиялық республикаларының ішкі резервтер есебінен құрылды.

Осынау шешімнің негізінде 1941 жылы желтоқсанның басында Алматыда 100-ші жеке қазақ атқыштар бригадасы жасақталды. Ол негізінен 18-19 жастағы қазақ жастарының құралды. Сол жерде Мәншүк Мәметова, Әзілхан Нұршайықов сынды батырларымыз Жұмаділ Әубәкіровтің қарамағында болып, алғашқы дайындықты сол кісіден үйренген. Әскери тәртіпті менгерген соң, 1942 жылы 7-шілдеде әрқайсысын әрбір батальонға бөліп жіберген еken. Осы тұста Мәншүк Мәметова 3-атқыштар батальонына, ал, политрук Жұмаділ Әубәкіров 100-ші дербес атқыштар бригадасының 4-атқыштар батальонына әскерком қызметіне жіберіледі.

Жан альп, жан берісе шайқасқан қанды майданда Жұмаділ қайсарлықтың, табандылықтың айшықты ұлгісін танытты. Молодой Туд шайқасында ерекше ерлік көрсеткені үшін жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Өмірінің сонында 1943 жылы Великие Лукиді азат ету үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапты. Осы жолғы ерлік ісі үшін оққа үшқан есіл ер Жұмаділ Әубәкіров «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Соғыс жылдары Қазақстанда 14 атқыштар, 6 атты әскер дивизиясы және 7 атқыштар бригадасы жасақталды. Олардың бәрі де қысқамерзімді жаттығудан кейін кезек-кезек майданға аттандырылып жатты. Жалпы, қазақстандық жауынгерлер шайқаспаған бірде-бір майдан болмаған шығар.

Өкініштің сол, небәрі 32 жасында болашақ үрпақ қамы үшін, бейбіт күнді қарсы алар келер буынның жарқын болашағы үшін туған жерінен жырақтағы шетелде ажал құшқан батыримыз бүгінгі бейбіт заманда тарихи тұрғыдан көп ескеріле бермейді.

Соғыстың қандай түрі болмасын қасірет пен қайғы шектірмей қоймасы анық. Жұмаділ Әубәкіров те туған жеріне тірі орала алмады, ел қатарлы отбасы болып, еке бақытына бөлөне алмай кетті. Артында қалған қызы Ренаның өскенін, мектепке барғанын, отбасылы болғанын да көре алмады. Мұның бәрі көнілге қаяу түсіретіні белгілі.

Бүгінгі таңда батырдың туған ауылы Арасанда өзімен аттас көшे бар. Өздерініз білетіндей, биыл Ұлы Женістің 70 жылдығы кең көлемде атальп өтілмек. Жұмаділ атамыздың ерлік ісін насиҳаттау – артына қалған үрпактарының атқарар парызы болмақ.

Жұмаділ Әубәкіровпен қан майданда бірге болған жазушы Әзілхан Нұршайықов қанды-

көйлек досына байланысты Алматы облысының бұрынғы әкімі, бүгінгі Мәжіліс депутаты Серік Үмбетовке жазған өтініш-хаты бар. Сол хатта: «Жақында капитан Жұмаділ Әубәкіров марқұмның туған қызы Рена-Орал мен немере келіні Нұршайым Рахатаева екеуі маған келіп, Ақсу ауданының Суықсай ауылдық округіндегі Юрий Гагарин атындағы мектепке Жұмаділ Әубәкіров аты берілсе еken деген тілектерін айтып, менің көмектесуімді сұрады.

– Менің қолымнан не келеді, карақтарым? Ештеңе келмейді. Бар қолымнан келетіні осы өтініштерің орынды еkenін айтып, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовке хат жазайын,— дедім оларға.

Расында Юрий Гагарин есіміне байланысты марапаттар өте көп қой. Оған Чехословакияның Социалистік Еңбек Ері, Болгарияның Батыры, Венгрияның Еңбек Ері атақтары берілді. Мәскеу облысындағы Монино әскери академиясына, Айдың аргы бетіндегі кратердің біріне Гагарин есімі берілді. Гагарин атында алтын медаль шығарылды. Ресейдін Смоленск облысының бір ауданы Гагарин атымен аталады. Дүниежүзінің көптеген оқу орындары мен қалалар, көшелер мен алаңдар Гагарин есімін иемденеді.

Гагарин марқұмға осы жетпей ме? Қазақстанның көп мектептерінің бірінен оның атын алып тастан, кеше Отанымызды қорғап, опат болған қаһарман қазақ Жұмаділ Әубәкіров атын берсе несі айып? Ол үшін бізді кім кінәлайды? Ешкім кінәлай алмас, тегі! Зор құрметпен, жер басып жүрген ең соңғы майдангерлердің бірі – жауынгер ағаңызы Өзілхан Нұршайықов, Қазақстанның Халық жазушысы. 23.11.2008 жыл, Алматы» делінген. Алайда қазақ халқына қадірлі Әзғаның бұл хаты да септігін тигізе алмады.

Біздің ендігі мақсат сол – Ақсу ауданы Суықсай ауылдық округіндегі Ю. А. Гагарин атындағы орта мектепке Ж. Әубәкіровтің есімін бергізу. Бұны – батырдың есімі мен ерлігін ұлықтау үшін жасалып жатқан қадамның бастамасы деп түсінген дұрыс. Мерзімді баспа-сөз арқылы Жұмаділ батырдың атына мектеп сұрап отырмыз, бәлкім, жергілікті атқамінер азаматтар өтінішімізді оқып, Елбасының 2015 жылды ардагерлердің құрметіне арнағанын түсініп, Женістің 70 жылдығы қарсаңында қолдау танытар деген үкілеген үмітіміз бар. Сәтін салсын!

Батырдың туған ауылы – Арасан ауылдық округінің орталығында 9-мамыр күні ҰОС шейіт болған барлық қаһармандарға арнап ас беріп, құран бағыштап, «Капитан Әубәкіров» атты мемуарлық-эпистолярлық кітаптың салтанатты түрде тұсауын кесіп, батыр есімімен аталатын көшеге ескерткіш тақта орнатып, Б.Сырттанов атындағы орта мектептің Алғашқы әскери дайындық кабинетіне капитан Әубәкіровтің есімін беріп, сонау Арқа жерінен келетін «Руханият» студент жастар театрының әртістері сомдайтын осы мақала авторының «Тағдырылы тұлға» атты пьесасын жас режиссер Көбей Жетібайтегінің сахналандыруымен қойып, ауыл жастары мен тұрғындарына ұлкен әсер қалдырысақ деген ойымыз бар.

Батырдың туған ауылы, ауылдастары қазақ поэзиясының құлагері – Ілияс Жансүгіровтің «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кеменгерді!» деген сөзін ұмытпай, біздің өтінішіміз ескерілсе еken.

**Елдос ТОҚТАРБАЙ,
әдебиеттанушы**